

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 65 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Селденқорғау құрылыс" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын суы басуынан қорғау" объектісін салуды жүзеге асыру бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды беруші және қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 003 "Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу мен қайта жаңарту" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде 819900000 (сегіз жүз он тоғыз миллион тоғыз жүз мың) теңге сомасында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды , сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі